

Бегалы ауылдық округі Калиновка ауылының жер телімдерінің шекарасын өзгерту туралы

Бірлескен Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 22 шешімі және Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 7 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 мамырда № 3-7-144 тіркелді

Ескерту. Бірлескен шешімінің және қаулысының орыс тілдегі атауында және бүкіл мәтін бойынша «Кобдинского», «Кобдинский», «аульного» деген сөздер тиісінше «Хобдинского», «Хобдинский», «сельского» деген сөздерімен ауыстырылды - бірлескен Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 23.12.2014 № 174 шешімімен және Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 23.12.2014 № 284 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 108 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6, 31 баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 12 бабының 3 тармақшасына сәйкес және Бегалы ауылдық округінің басқару органының пікірін ескере отырып, Қобда аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қобда аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бегалы ауылдық округінің Калиновка ауылының жер телімдерінің шекаралары оның шегіне қордағы жерден 875 гектар жер учаскесін енгізу арқылы, қосымша жалғанған схемалық картаға сәйкес өзгертілсін.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Коктовке жүктелсін.

3. Осы әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімі алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың хатшысы	Аудан әкімі	А. Л. Г. БАЛГАРИНА	ЖҮСІБАЛИЕВ ИСМАҒАМБЕТОВА
------------------------------	-------------	--------------------------	-----------------------------

РҚАО ескерту. Кестені қағаз мәтінен қараңыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК